

ӘОЖ 82-13: МҒТАР 17.07.41

<https://doi.org/10.47526/2024-3/2664-0686.76>**Қ. ТӨЛЕБАЕВА** *филология ғылымдарының кандидаты**Alikhan Bokeikhan University**(Қазақстан, Семей қ.), e-mail: tulebaeva82@mail.ru***ҚҰНАНБАЙ БЕЙНЕСІ: КӨРКЕМ ШЫНДЫҚ ПЕН ТАРИХИ ШЫНДЫҚ ҮЙЛЕСІМІ**

Аңдатпа: Мақалада Құнанбай бейнесі тарихи шындық пен көркемдік шешімнің үйлесімінде қарастырылған. Мақаланың мақсаты Құнанбай Өскенбайұлы бейнесінің тарихи тұрғыдан берілуі мен көркем шығармадағы сомдалуын салыстырып талдау. Зерттеу мақаланың теориялық және практикалық маңыздылығы Құнанбай Өскенбайұлы бейнесінің тарихи және көркемдік сипатын салыстыра отырып, шығармадағы образ жасалуына әсер ететін факторларды анықтаудан көрінеді. Зерттеу әдістемесінде бірнеше ғалымдардың пікірлері негізге алынған. М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы мен Р. Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» роман-хамсасындағы Құнанбай Өскенбайұлы бейнесі салыстырылды. Зерттеу мақалада салыстыру, аналитикалық, анализдеу, сипаттау, дереккөздерін талдау, салыстырмалы-тарихи әдістер қолданылған. Зерттеу мақаланың қорытындысы бойынша Құнанбай Өскенбайұлы бейнесінің көркем шығармада жасалуына тарихи оқиғалар негіз болғанымен, сол кезеңдегі саяси көзқарастар, цензура, авторлық ұстаным, авторлық мүдде әсері анықталды. Зерттеу құндылығы Құнанбай Өскенбайұлы образының тарихи сипаты мен көркемдік бейнеленуін қарастырудан көрінеді. Осылайша зерттеуде Құнанбай Өскенбайұлы образы жайлы ғылыми көзқарастар талданды. Ғылыми айналымда зерттеу мақала Құнанбай бейнесіндегі тарихи шындық пен көркем шындықтың үйлесімі автор мүддесі, авторлық ұстаным нәтижесінде қалыптасқанымен ерекшеленеді. Зерттеу мақаланың қорытындылары Құнанбай Өскенбайұлы жайлы зерттеулерде, Абайтану саласында қолдануға арналған.

Кілт сөздер: көркем шындық, тарихи шындық, образ, кейіпкер, авторлық ұстаным, авторлық мүдде.

К. Tulebayeva*Candidate of Philological Sciences, Alikhan Bokeikhan University**(Kazakhstan, Semey), e-mail: tulebaeva82@mail.ru***The Image of Kunanbay: the Harmony of Artistic and Historical Reality**

Abstract: The research article examines the image of Kunanbay in a combination of historical reality and artistic reality. The purpose of the article is a comparative analysis of the historical transmission of the image of Kunanbay Uskenbaevich and its embodiment in a work of

***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Төлебаева Қ. Құнанбай бейнесі: көркем шындық пен тарихи шындық үйлесімі // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2024. – №3 (133). – Б. 95–104. <https://doi.org/10.47526/2024-3/2664-0686.76>

***Cite us correctly:**

Tolebaeva Q. Qunanbai beinesi: korkem shyndyq pen tarihi shyndyq uilesimi [The Image of Kunanbay: the Harmony of Artistic and Historical Reality] // *Iasau universitetinin habarshysy*. – 2024. – №3 (133). – B. 95–104. <https://doi.org/10.47526/2024-3/2664-0686.76>

Мақаланың редакцияға түскен күні 04.06.2024 / қабылданған күні 27.09.2024

art. The theoretical and practical significance of the study is manifested in the comparison of the historical and artistic character of the image of Kunanbay Uskenbaevich with the identification of factors influencing the creation of the image in the work. The research methodology is based on the opinions of some scientists. The image of Kunanbay Uskenbaily in the epic novel by M. Auezov “The Path of Abai” and the novel by Khams R. Tokhtarov “Abai’s Mystery” were compared. The research article uses comparative, analytical, analyzing, descriptive, source analysis, and comparative historical methods. According to the results of the study, the influence of political views, censorship, the author's position, and the author’s interests of that period were revealed, although historical events formed the basis for creating the image of Kunanbay Uskenbaily in a work of art. The value of the research is manifested in the consideration of the historical character and artistic embodiment of the image of Kunanbay Uskenbaily. Thus, the study analyzed scientific views on the image of Kunanbay Uskenbaily. In scientific terms, the research article differs in that the combination of historical truth and artistic truth in the image of Kunanbay was formed as a result of the interests of the author, and the author’s position. The conclusions of the research article are intended for use in the research of Kunanbay Uskenbaily, in the field of Abai studies.

Keywords: artistic truth, historical truth, image, character, author's position, author’s interest.

К. Тулебаева

*Alikhan Bokeikhan University, кандидат филологических наук
(Казахста, г. Семей), e-mail: tulebaeva82@mail.ru*

Образ Кунабая: сочетание художественной и исторической реальности

Аннотация. В исследовательской статье рассматривается образ Кунабая в сочетании исторической реальности и художественного решения. Цель статьи – сравнительный анализ исторической передачи образа Кунабая Ускенбаевича и его воплощения в художественном произведении. Теоретическая и практическая значимость исследования проявляется в сопоставлении исторического и художественного характера образа Кунабая Ускенбаевича с выявлением факторов, влияющих на создание образа в произведении. В методике исследования за основу взяты мнения нескольких ученых. Проведены сравнения образов Кунабая Ускенбаевича, отраженных в романе-эпосе М. Ауезова «Путь Абая» и романе-хамсе Р. Тохтарова «Загадка Абая». В исследовательской статье использованы методы: сравнительный, аналитический, описательный, сравнительно-исторический, анализ источников. Несмотря на то, что в основу создания образа Кунабая Ускенбаевича в художественном произведении легли исторические события, по итогам исследования было выявлено влияние политических взглядов, цензуры, авторской позиции, авторских интересов того периода. Ценность исследования заключается в рассмотрении исторического характера и художественного воплощения образа Кунабая Ускенбаевича. Таким образом, в исследовании были проанализированы научные взгляды на образ Кунабая Ускенбаевича. В научном обороте исследовательская статья отличается тем, что сочетание исторической правды и художественной правды в образе Кунабая сформировалось в результате интересов автора, авторской позиции. Выводы исследовательской статьи предназначены для использования в исследованиях Кунабая Ускенбаевича, в области абаеведения.

Ключевые слова: художественная правда, историческая правда, образ, персонаж, авторская позиция, авторский интерес.

Кіріспе

Қазақтың рухани дүниесін Абайға түсіндірген адам – Құнанбай. Әке мен бала арасындағы рухани жалғастықты тап басып көрсеткен Б. Ердембеков Құнанбай бейнесін

түсіну арқылы Абай даналығының сыры ашыла түсетінін айтады. Өзі өмір сүрген қоғамның басты қайраткері болған Құнанбайдың болмысы М. Әуезовтің «Абай жолы», Р. Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» шығармаларынан көрінеді.

Зерттеу жұмысының өзектілігі Құнанбай Өскенбайұлының бейнесін тарихи шындық пен көркем шындық бірлігінде қарастырудан көрінеді. Бұған дейінгі зерттеулерде, атап айтар болсақ, Т. Жұртбай, Б. Сапаралы зерттеулерінде Құнанбайдың көркемдік бейнесі солғын тартқанын айтады. Б. Ердембеков зерттеуінде діни сенімі, сипаты көрінеді, Н. Дулатбеков, М. Азбанбаев Құнанбай бейнесін дерекнамалық сипатта қарастырса, Т. Жолдасованың ғылыми зерттеу жұмысында «Абай жолы» шығармасындағы Құнанбай образы қарастырылған. Осы уақытқа дейінгі зерттеулерде М. Әуезов шығармасындағы Құнанбай бейнесі қарастырылды. Дегенмен Р. Тоқтаровтың туындысындағы Құнанбай бейнесін салыстыру арқылы саяси көзқарастардың әсері анықталып, авторлық мүдде, авторлық ұстаным айқындалды. Осылайша зерттеу мақаланың теориялық негізі М. Әуезовтің «Абай жолы», Р. Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» шығармаларымен, Т. Жұртбай, Б. Сапаралы, Т. Жолдасова, Б. Ердембеков, Н. Дулатбеков, М. Азбанбаев көзқарастарына негізделген. Зерттеудің практикалық маңыздылығы Құнанбай бейнесінің тарихи шындық пен көркемдік шындық үйлесімі ретінде зерттеуден анықталады. Мақаланың негізгі нысаны – Құнанбай бейнесі. Зерттеу мақаланың мақсаты Құнанбай бейнесін тарихи шындық пен көркемдік шындық үйлесімінде талдау. Осыған сәйкес зерттеу мақалада мынадай міндеттер анықталады: Құнанбай жайлы көзқарастарды жинақтау; Құнанбай образын М. Әуезовтің «Абай жолы» мен Р. Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» шығармалары негізінде салыстыру; Абайдың қалыптасуындағы Құнанбайдың рөлін анықтау. Зерттеу гипотезасы Құнанбай Өскенбайұлының тарихи бейнесін көркемдік бейнесімен салыстыру арқылы көрінеді. Осылайша, саяси көзқарастар, авторлық ұстаным, авторлық мүдде, цензура сынды факторлар анықталып, Құнанбай бейнесінің Абайдың қалыптасуына әсері анықталды.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Мақалада Құнанбай бейнесі тарихи шындық пен көркемдік шындық бірлігінде анықталады. Абайтану саласына үлесін қосып жүрген зерттеушілер Т. Жұртбай, Б. Сапаралы, Т. Жолдасова, Б. Ердембеков, Н. Дулатбеков, М. Азбанбаев пікірлері қарастырылды. Құнанбай образы М. Әуезовтің «Абай жолы», Р. Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» шығармалары негізінде талданды.

Зерттеуге әдебиеттану ғылымындағы жалпы теориялық әдістер қолданылды. Атап айтқанда, зерттеуші ғалымдар еңбектері аналитикалық, анализдеу, сипаттау, дереккөздерін талдау, салыстырмалы-тарихи әдіс негізінде қарастырылды. Құнанбай бейнесі «Абай жолы», «Абайдың жұмбағы» шығармаларындағы берілуі жолдарын салыстыру әдісімен талданды.

Талдау мен нәтижелер

Құнанбай қажы жайлы мәліметтерді іздестіргенімізде Ш. Құдайбердіұлы, Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, А. Шәкәрімұлы, Ә. Жиреншин еңбектерінен атасы Өскенбай, анасы Зере жайлы, өмір сүрген ортасы, балалық шағы жайлы ақпараттарды кездестіреміз. Т. Жұртбай «Құнанбай» зерттеу еңбегінде Құнанбайдың әдеби кейіпкер ретінде бағасының әділетсіз екенін айтады [1, 34-б.]. «Абай жолы» романындағы «Қайтқанда», «Қат-қабатта», «Шытырманда», «Бел-белесте», «Өрде», «Қияда» деген бөлімдерде Абайдың өсу жолы болса, кері қарай Құнанбайдың төмендеу жолы екенін көреміз. Көркем ойдың иірімімен Мұхтар Әуезов Құнанбай атын көркем шындық арқылы кеміткенін, көшпелі феодализмнің көрінісі ретінде анықтағанын зерттеуші Т. Жұртбай атап көрсетеді. Бұл арқылы Құнанбай образының көркемдік шындық аясында бұрмаланып, сол дәуірде лайықты бағасын алмағанын айтады. Б. Сапаралы «Құнанбай» зерттеу еңбегінде найзагер Құнанбайдың жастық шағын, өмірдің ащы-тұщы дәмін татқан, ел ағасы атанған Құнанбайдың қырықты

еңсерген кезін, аға сұлтан атанған мезеті сынды айтулы кезеңдерді А. Янушкевич күнделігін, архив материалдарын негізге ала отырып нақтылы жеткізеді [2, 54-б.]. Құнанбай Өскенбайұлының аға сұлтан болған кезіндегі екі үлкен ісі – Қарқаралыда мешіт салдыртуы және Көкшетауда әкесі Өскенбайға ас беруі. Зерттеуші Б. Сапаралы Құнанбайдың тарихи бейнесін анықтауда К. Ысқақұлының пікірін негізге алған [2, 55-б.]. К. Ысқақұлы Құнанбайдың жұртты аузына қаратқан есті кісі екенін, төре тұқымымен таласып жүріп, Қарқаралы округіне сұлтан болғанын, мұсылманшылықты сақтау мақсатында молда ұстап, халықты ислам дінінің дұрыстығын халыққа үйреткенін айтады. А. Шәкәрімұлы да атасының діншіл болғанын, балшы-балгерлерге, ырымдарға сенбегенін, өтірік айтқан, ұрлық қылған адамдарды жек көргенін жеткізеді. Құнанбайды халық «қарадан шығып хан болған» деп жоғары бағалайды. Б. Ердембековтің соңғы кездегі зерттеулерінде Құнанбайдың қажы атанғаны, діншілдік сипаты қарастырылып жүр [3]. Н. Дулатбеков Құнанбайдың күрделі тарихи тұлға екенін, билік тізгінін ұстаған уақытында қазақтың дәстүрлі заңымен қатар патшалық Ресейдің «жаңа низам» ережесін қатар ұстанғанын айтады [4, 20-б.]. М. Азбанбаев Құнанбайдың тарихи бейнесін беруде Абайдың мынадай сөзімен танытады: «Өлмейтін атақ қалдырып, Дүниеге көңіл бөлмеңгі» дегеніндей, балаларының болашағын ойлаған Құнанбай оқытумен қатар, жар таңдауда табиғат, танымы бір, рухани азық, тірек болар орта іздеген [5, 182-б.]. Осы реттен зерттеу мақаламызда Құнанбай Өскенбайұлының көркем бейнесі мен тарихи бейнесі салыстырылып, көркем шындық пен тарихи шындықтың үйлесімін анықтаймыз.

XIX ғасырда орта жүздегі патшалық Ресейдің билік саясатын орындауда Құнанбай Өскенбайұлының қызметі ерекше. Құнанбай жайлы алғаш айтылған пікірлер хронологиясы мынадай – Ә. Бөкейхан, К. Ысқақұлы, А. Байтұрсынов, М. Дулатұлы, Ә. Марғұлан. Аталған зерттеушілер Құнанбайды жеке алып қарастырмайды, Абайдың әкесі ретінде жылы лебізге ие болады. Бұл дегеніміз – «Құнанбайды білмей, Абайды білу қиын» деген ұстаным. Кейіннен Құнанбай жайлы жағымды пікір білдірген Вишневский, Янушкевич, Ивашкевич сынды оқыған зиялы тұлғалар қазақ жеріне патша әкімшілігінің бұйрығымен 1846 жылы экспедициямен келеді. Бірнеше ай бойы экспедиция мүшелігінде болған Құнанбай қазақ жеріндегі мал саны, жан санағы, жер мен су, өзен мен көлді картаға түсіру ісіне араласып, сол орта беделді тұлғаға айналады.

Абай өз әкесі жайлы ұлы Әбдірахман дүниеден өтер кезінде шығарған «Арғы атасы қажы еді» өлеңінде:

Әділ, мырза, ер болып,
Әлемге жайған өрнекті.
Тәубесін еске түсіріп,
Тентекті тиып, жерлепті.
Қазақтың ұлы қамалап,
Іздеген жүзін көрмек-ті.
Ақылынан ап қайтқан.
Өлгенше болар ермек-ті,
Ол сыпатты қазақтан,
Дүниеге ешкім келмепті.
Өлмейтін атақ қалдырып,

Дүниеге көңіл бөлмеңгі [6, 135-б.], - деп Құнанбайдың беделін көтеріп, қазақ арасындағы «қарадан шығып сұлтан болған» болмысы әспеттеледі. С. Сейфуллиннің 1931 жылы шыққан еңбегінде Құнанбайдың шешендік сөздері берілген. Бұл арқылы Құнанбайдың даналығы, шешендігі айрықшаланады. XIX ғасырда Шығыс Қазақстанда туылған этнограф С. Ғаббасов Құнанбайдың ақылды, сауатты екенін, балаларына, тіптен немерелеріне даналық үлгісі болғанын айтады. Осы ретте Құнанбайдың тарихи бейнесі көркем шығармада сол

қалпында берілмеу себебін түсінуіміз керек. Көркем шығармада бидің, қоғам қайраткері Құнанбай болмысының тұтастай сомдалмауының басты себебі – сол кезеңдегі саясатпен байланысты. Зерттеуші Т. Жолдасова М. Әуезовтің «Абай жолы» романының ерекшелігі ХІХ ғасырдың ІІ жартысындағы қазақ қоғамының әлеуметтік, экономикалық құбылыстарды тарихи негізден көрсетуінде екенін айтады [7, 13-б.]. Дегенмен Т. Жұртбай Құнанбай бейнесінің «әділетсіз» берілгенін келтіреді.

Зерттеуші Т. Жолдасова Құнанбай образы эпикалық бейне екенін, кескін-кейпі, мінезі, іс-әрекеті толық жинақталып, дараланғанын айтады [7, 14-б.]. Құнанбай образының тек Құнанбайға ғана тән екенін, айтқан сөз, істеген әрекеттің иесі атанғанын бірден ұғынамыз. М. Әуезов «Абай жолы» шығармасын жазу кезінде тарихи оқиғаларға сүйеніп, сол материалдарды шеберлікпен қолданып, ұлы шығарма жаза білді.

Құнанбай образының шығармада қатыгез ретінде суреттелуі Қодар мен Қамқа оқиғасымен байланысты. Шарифат үкімімен жаза тартылған Қодар мен Қамқа оқиғасы бала Абайдың тоқырауына алып келеді. Ауылын сағынып жеткен Абай небәрі он үш жасында әділетсіздіктің қайдан боларын түйсінеді. Бұл оқиға әке мен бала арасындағы қарым-қатынастың шиеленісуінің басы еді. Әдебиеттану ғылымында әке мен бала арасындағы қайшылықтар «Гамлет», «Дон Кихот», «Отцы и дети» шығармаларында көтерілді. М. Әуезов шығармасында әке мен бала тартысын Абайдың қалыптасуын көрсетудегі негізгі кілт ретінде пайдаланған. Шын өмірдегі Қодар мен Қамқа тартысына келетін болсақ, бұл оқиғаның Абай дүниеге келмес бұрын болғанын, істің ақ-қарасын тексерген Құнанбайдың дұрыс шешім қабылдағанын Ш. Құдайбердіұлы, М. Бөжеев айтады. Ш. Құдайбердіұлы «Қодардың өлімі» дастанында Қодардың ардан аттағанын, нағыз кінәлі екенін жеткізеді:

Ол – Қодар барымташы, ердің басы,
Жыртылмасын деп жүрген ел жағасы.
Ар сүймейтін бір істі қылғаннан соң

Аямаған Олжайдың кәрі-жасы [8, 145-б.], - дейді. Құнанбай қабылдаған шешімнің астарында халық ортасында қайталанбауын, елдің көзі үйреніп, еті өліп кетпеуі екенін түсінеміз. Өзгелерге ой салып, бұндай әрекеттің соңын қандай жаза күтетінін білдіру мақсатында екеуін де аямаған. Тарихи оқиғаны суреткерлік мақсатына қарай өзгертіп, Абайдың болмысын, дүниетанымын, гуманистік ойларының қалыптасуына әсер ететін оқиға ретінде бағаланады. Абай шығармада адам өліміне қарсы позицияны ұстанады. Бұл арқылы автор Құнанбайдың шарифат заңын негізге ала отырып шешім шығарғанын көрсетсе, Абай гуманистік позициямен әкесінің шешіміне қарсы шығады.

Әке мен бала арасындағы екінші қарсылық – Әмір пен Үмітей қатынасы. Өзінің туған немерелері саналатын Әмір мен Үмітейдің бір-біріне ғашық болуы халық арасындағы кешірілмес оқиға саналады. Екі ғашық біріне-бірі туыстық жақындығы жеті атадан аспайтындықтан Құнанбайдың қарсылығы беріледі. Немересін буындырып өлтірмек болып, болмаған соң теріс батасын берген Құнанбай ұрпақтарының дала заңын сақтамағанына ашулы. Қазақ даласында жеті атасы толмай бір-біріне ғашық болған жандардың көбі жазықсыз қаза тапты. Әрбір әулет үшін бұндай оқиғаның орын алуы абыройсыздықтың көрінісі болды. Әр әулет өз тентегін тиып, аяусыз жазаға кешті. Тіптен жесір дауына ұласқан сәттерде аз болмаған. Бұл оқиғаға қатысты Абайдың позициясы қазақ ортасына жаңалық болды. Бұл кезде де әке мен бала қарсылығы бұрыннан келе жатқан салт пен дәстүрдің сақталуымен көрініс табады. Қазақ үшін жеті атаға толмай, үйлену күнәлі іс саналса, араб елдерінде туысқандығы ескерілместен үйленуге рұқсат етілген. Құнанбайдың зәрленуі былай суреттелген: ««Менен туған арам қан, бәд бақыт нәсілдерім мына екеуі. Жаратқан ием, я Кәрім Алла, менің қолымнан өлтіртпедің. Бәндеңнің бар тілегі сол болсын, Ал мына екеуін! Жібер өзіңнің ақ бұйрықты ажалыңды! Уын, зәрін өзгеге жаймай тұрғанда, жой көздерін жоғалғырлардың!» [9, 450-б.]. Бұлай ашуланудың себебі – қазақ халқының ұлттық

құндылығының жойылмауы, ұрпақтардың қан тазалығын сақтауға мән беруіндегі маңыздылық.

М. Әуезов автоцензуралық әдісті пайдалану арқылы кеңес идеологиясына сай Құнанбай образын іс-әрекеттері арқылы жағымсыз бейнеледі. Бұл әдіс – автордың өз ойын идеология әсерінен көркем шығармадағы ашық жеткізе алмаған сәттердегі қолданылатын жазушылық тактика. Осылайша, Құнанбай бейнесінің көркем шығармада берілуі, жағымсыз сипатта көрінуі сол заман цензурасына сай жасалған деп ұғынамыз. Дегенмен шығармада Құнанбайдың жағымды болмысы кішкене детальдармен беріліп отырған. Мәселен, Құнанбайға қарсы болған адамның сирек екені; араз болған жанды пайда мен олжадан қалдырып, өз дегеніне көндіреді; халқының жайлы жайылым іздемейтіні; мырза, шешен, жақсы болмысымен ел бірлігін сақтай білген; кәрісі де, жасы да құрметтеп, үлкен сенім білдірген. Тобықты руының басты адамы бола білген Құнанбай образының жасалуына тарихи шындықтан гөрі автор өмір сүрген қоғамның шындығы әсер етті.

Әке мен бала қайшылығының көрініс табар сәті орыс тілі, ғылымы жайлы пікірлерде көрінеді. Әке баласын «орысшылсын» деп сынағанда Абай да іркілместен «ғылымы озық орыстардан үлгі алу керектігін» жеткізген. Бұл арқылы жаңа заманның қажеттілігі бұрынғыға қарағанда басқа екені анық көрінеді. Автор әке мен бала арасындағы қарама-қайшылықты беру арқылы Абайдың тұлға ретінде дүниетанымының қалыптасуын және дәуір қақтығысын көрсеткен. Құнанбайдың шешімдері сол дәуірге тән, қалыпты болса, көзқарасы қалыптасқан Абай үшін тым бөтен. Осылайша, Құнанбай мен Абай арасындағы қайшылық Абайдың көзқарасының қалыптасуын бейнелеу ғана емес, жаңа дәуірдегі құндылықтардың қақтығысы екенін көреміз.

Тәуелсіздік кезеңінде жазылған шығармалардың бірі Р. Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» роман-хамсасында Құнанбай бейнесі тарихи шындықпен суреттелген. Атап айтар болсақ, Құнанбайдың әулеті, ауыл-аймағы, шешендігі, ақылдылығы, әділетті басшы сипаттары берілген. Сонымен қатар патшалық Ресейдің «аға сұлтандық» әкімшілік билігін иеленуі, қазақ қоғамындағы қайшылыққа толы әрекеттері көрінеді. Шығарманың жаңалық сипаты Құнанбайдың Кенесары ханның қозғалысына қолдау білдіріп, тілеулес болуы. Тіптен шығармада Құнанбайдың Кенесары ханды орыс жазалаушы отрядының оғынан сақтап қалғаны да айтылған. Сондай-ақ Құнанбайдың өз қызметін қазақ халқы үшін ағартушылық, әлеуметтік мақсаттарда қолданғаны айтылған. Білім, ғылым, мәдениет жетістіктері, оның ішінде қазақ, орыс мектептерін ашуды үкіметтен сұрауы, Меккеде «Тақия» атты қазақтарға арнап жатын үй салуы, Қарқаралыда мешіт салдыртуы шынайы суреттелген. Шығарманың тағы бір жаңа сипаты – Құнанбайдың Шыңғыс сұлтан мен баласы Ш. Уәлихановпен байланысы. Құнанбайдың өр, тәкаппар сипаты Шыңғыс төремен байланысы негізінде қазақы тектілік мінезі көрінеді. Мәселен шығармада мынадай оқиға бар. Шыңғыстың Санкт-Петербург қаласындағы Эрмитажда тұрған Кенесары ханның бас сүйегін көргендегі жан күйзелісін Құнанбайға баяндап, бодандықта өскен ұрпақтың айбатты ата-бабалары жайлы қандай ойда болары берілген. ««Сол арада тістері ырсиған жалаңаш бас сүйектің өзі маған тіке қарап: «Немене, келдің бе? Арманыңнан шықтың ба? Аңырап бір қалғанда білерсіңдер менің қадырымды!» деп, сарай ішін жаңғырықтыра ақырғандай болды» [10, 125-б.]. Бұл кейінгі дәуірдегі Құнанбай әрекеттерін бағалаудың көрінісі Кенесары қозғалысын қолдаудан көрінеді. Мәселен Ғ. Мүсіреповтің «Ұлпан» романында Есеней, Балқожа, Құнанбай сынды тарихи тұлғалардың Кенесарының қозғалысын қолдамайтыны көрініп, патшалық Ресейге қарсы шыққаннан нәтиже болмайды деген позицияны ұстанады. Тіптен баяғы хандық дәуірді аңсағаннан қайда барады, керісінше бұл әрекетін қою керектігін жеткізеді. Есенейдің Кенесарыға қарсы позициясы сол кезеңдегі барша оқығандардың көзқарасымен ұқсас деп келтірілген. Бұл өз кезегінде авторлық ұстанымның сол дәуірдегі позицияны, саяси көзқарасты негізге алуынан орын алады. «Ұлпан» романы жазылған сәтте Кенесары ханның

көтерілісі жайлы ой айтудан бұрын, атын атауға болмайтын еді. Тәуелсіздік кезеңінде кеңестік идеологияның құрсауынан босаған соң әдебиетімізде тарихи оқиғалар, тұлғалар қайтадан өз бағасын алды. Сондай тұлғалардың бірі Құнанбай «Абайдың жұмбағы» шығармасында лайықты бағаланды.

Өмірде болған тарихи тұлғаның көркем бейнесін беру – қаламгер үшін қиын іс. Көркемдік ойлау кеңістігінде автордың қиялы, поэтикалық сипаты тарихи тұлғаның көркем бейнесін жасауда үлкен маңызға ие. Көркем шығарманың негізгі позициясы суреттелетін тарихи тұлғаның жан дүниесін, ұлттық дүниетанымын таныту. Сонымен бірге жазушы суреттейтін тұлғаның тұлғасын, болмысын, іс-әрекетін, мінезін, өмір сүрген ортасы мен дәуірі өзгешеліктерін танытып, көркем бейненің типтік өзгешелігін қоғам болмысымен бірлікте танытады. Құнанбайдың тарихи бейнесінен гөрі көркем бейнесі халыққа кең таныс болғандықтан, халық бейнесінде Құнанбай қатыгез сипатында көрінеді. Т. Жұртбай өмірлік шындықты көркем шындықтың құрбандығы деп, Құнанбайдың әділ, шешен, кедейлерге қамқор болғанын айтады [1, 39-б.]. Биліктің салмағы ауыр, ел арасына беделді болумен қатар, қатал, қатыгез атандырады. Өйткені халық алдындағы жауапкершілік әділ болуға, салт пен дәстүр, рухани құндылықтардың бұзылмауы үшін қатты болуға мәжбүрлейді. Әрі орын алған оқиғаның қайталанбауы үшін қатаң жазалауы тиіс.

М. Әуезов пен Р. Тоқтаровтың шығармаларында Құнанбай бейнесі жан-жақты ашылады. М. Әуезов Құнанбайдың образын көркемдік шындықпен бейнелесе, Р. Тоқтаров тарихи деректерге сүйенгенін көреміз. Бұл туралы Т. Әшімхан зерттеу мақаласында М. Әуезов шығармасы кеңестік социалистік реализмнің талабымен жазылғанын, Р. Тоқтаров туындысында Абайға, өзге де тарихи кейіпкерлерге еркін идеямен, жаңа заман көзқарасымен бағалап, өмірлік шындыққа жанастырғанын айтады [11, 30-б.]. Тарихи шындыққа өмірде болған нақты құбылыстар, оқиғалар арқау болады. Халықтың шынайы болмысы елестету арқылы таныла түседі. Ал әдеби шығармадағы тарихи шындық көркемдік бейнелеудің нәтижесінде қалыптасатын көркемдік шындық ретінде айқындалады. Зерттеушілер А. Зейнулина, Ә. Ибраева «көркем характердің, көркемдік шындықтың басты құралы» [12, 343-б.], - деп анықтайды. Құнанбай образы – тарихи деректердің негізінде авторлық позиция арқылы қалыптасқан эпикалық образ.

Зерттеуші З. Қабдолов зерттеуінде Құнанбай – кер заманның жақтаушысы, рулық-феодалдық жүйенің жамап, жасқаушысы, азулы ғана емес, ақылды, шокпар мен сойылды әріден толғайтын ойдың адамы, көзі дара болғанымен, көкірек танымы көреген, ашуы мен қайратын қатар ұстайтын, қаталдығының артында қайсарлығы жатқан сұғын қадағанда сілетпей тынбайтын қырыс кісі [13, 87-б.]. Пендешілігінен азаматтығы басым Құнанбайдың шығармада берілген дәуірдің қаттылығын З. Қабдолов «Құнанбай заманының заңы» деп анықтайды. Сонымен бірге зерттеуші Құнанбайдың көркемдік әрі тарихи бейнесіндегі қаттылығы жайлы орынды пікір білдіреді. Құнанбай өз дәуіріне сай шешімдер қабылдап, соған сай әрекет жасап, өз кезеңіне орай өмір сүргеніне байланысты оны кінәлау орынсыз. А. Шәкәрімұлы Құнанбай жайлы нақты дерек келтіре отырып, былай дейді: «Тарих шындықты жақтайтын болса, халық анық жақсы адамын, өзі өсірген адал ұлын мақтайтын болса, түбінде жақсы адам бірлі-жарым адамдардың жамандағанымен жаман болып кетпейді» [14, 243-б.]. Дәуір жаңарып өткен сайын халқымыздың тарихындағы оқиғалар, тұлғалар қайта бағаланып, лайықты бағасын алуда. XX ғасырда кеңестік билік қыспағымен бейнеленген Құнанбай образының бейнеленуіне түрткі болған – хәкім Абайдың қалыптасуына әсері. Бұлайша ой түйіндеуіміздің себебі Абай сынды дананың Құнанбай сынды «қарадан шығып хан болған» тұлғаның тәрбиесінен қалыптасқан. Аға сұлтандық қызмет атқарып, ел мен жер пайдасына әрекет қылған Құнанбай рухани, материалды тұрғыдан Абайдың тұлға ретінде қалыптасуына әсер етті. Құнанбайдың аға сұлтандық қызметінен бөлек, қазақ арасынан тұңғыш «хорунжий» атағын алған. Құнанбай өмір сүрген

заман патшалық Ресейдің отарлық саясатының күшейген уақыты еді. Қазақ жеріндегі өзгерістер әкімшілік басқару жүйесінен, тұрмыс-тіршілік жайынан көрінді. Болыстыққа сайлану, аға сұлтан болу үшін ағайын-тума біріне-бірі қарсы шығып, алауыздыққа алып келді. Билік үшін талас-тартыста төре тұқымының жеңуі орынды болар еді. Дегенмен халық Құнанбайды қолдауымен және адами қасиеттерінің арқасында аға сұлтан дәрежесіне жетті. Адамдық, азаматтық қасиеті мол Құнанбай халыққа жәрдем етіп, Кенесары хан қозғалысына қолдау білдіріп, қазақ тарихында айрықша орын алды.

Қазақ тарихын саралап қарайтын болсақ, А. Байтұрсынұлы айтқандай: «Маған қиын осылардың ішінен, Өз ауылыңның иттері үріп-қапқаны» дегендей Құнанбайдың аға сұлтан қызметін қызғанып, үстінен арыз жазған ағайындары да болған. Тіптен Қодар мен Қамқа жазаға кесілу оқиғасының артында Қодардың жерін алу ұпайы тұрғанын айтатындар болды. Асылында айтылғандардың бәрі де қызғаныштан туындаған. Бұл жайлы Т. Жұртбай, Б. Сапаралы рас еместігін алға тартады. «Құнанбай» фильмінде Құнанбайдың үңгір суына шомылатын сәті бар. Бұл эпизод Қодар мен Қамқа оқиғасына шығарған үкімнен кейінгі тазалану сәті деп түсінеміз. Шарифат түсінігінде су – тазалықтың белгісі. Д. Жолжақсыновтың режиссерлік көзқарасымен түсірілген эпизод Құнанбайдың шығарған шешіміне өкінгенін көрсетеді. Десе де бұл авторлық позиция болғандықтан, Құнанбайдың өзінің шығарған өкіміне өкінуі де – көркемдік шындық.

М. Әуезов пен Р. Тоқтаров шығармаларындағы Құнанбай образының жасалуына әсер еткен факторлар мыналар екенін көреміз: Қаламгер өмір сүрген кезеңнің, дәуірдің шындығы; Автордың суреттеу нысанасына алған кейіпкер жайлы әртүрлі пікірлер, қоғамдық, саяси көзқарастар; Сол кезеңге сай цензура; Авторлық ұстаным; Авторлық мүдде, яғни тарихи кейіпкердің бейнеленуінде, суреттелуінде қаламгердің белгілі бір мақсатының болуы; заман болмысын сол кейіпкер арқылы таныту; қоғам немесе билік туралы көзқарастардың берілуінде тарихи кейіпкердің бейнесін қолдану. Екі қаламгер екі түрлі дәуірде, екі түрлі қоғамдық көзқарастар кезеңінде өмір сүрді. Кеңестік биліктің қыспағында жазылған «Абай жолы» роман-эпопеясындағы авторлық мүдде – Абай болмысын биіктету. Тәуелсіздік кезеңінде жарық көрген «Абайдың жұмбағы» шығармасында Құнанбайдың ұстанымдары, көзқарастары, азаматтық болмысы тарихи шындыққа жуық берілген. Заман болмысы жайлы екі шығармада да ағайын арасындағы талас-тартыс, алауыздық негізінде берілген. Құнанбай образы арқылы М. Әуезов бұрынғы хандық биліктің қайта келмейтіні, әке мен бала арасындағы қайшылықтар, ұстанымдардың өзгерісін бейнелейді. Осылайша М. Әуезов те, Р. Тоқтаров та Құнанбайдың образын көркемдік шындықпен әспеттей отырып, Абай сынды дананың қалыптасуын жеткізеді. Қазақта хәкім атағы берілген тұлғалар некен-саяқ. Әрі Абайдың дүниеге келуі тарихи қажеттілік деген теорияны негізге алар болсақ, Абайдың қалыптасуына Құнанбайдың үлесі зор екенін түсінеміз.

Қорытынды

Құнанбай бейнесінің көркемдік және тарихи шындық үйлесімі жайлы зерттеу мақаламызда мынадай түйін шығаруға болады:

Құнанбай – өз заманының білгірі, адамгершілік, азаматтық ұстанымдарымен халық жадында сақталған тұлға. Халық алдында сөзден тосылмаған шешен, күрескенін жығатын палуан, тірескенін алмай қоймайтын әлді. Патшалық Ресей заманында аға сұлтан қызметін атқарып, тұңғыш рет қазақ арасынан «хорунжий» атағын алған.

М. Әуезовтің «Абай жолы» романында көркемдік шындық Құнанбай бейнесінің қатыгез, аяусыз болмысымен көрінеді. Автордың Құнанбай образын бұлайша бейнеленуі кеңестік социалистік реализм әдісімен жүзеге асса, екінші жағынан автоцензуралық тактикамен сомдалған. Қаламгердің өмір сүрген дәуірі – кеңестік заман. Бұл уақытта Құнанбайды дәріптеу мүмкін емес. Тіптен Абайдың өзі «байшыл» деп сыналған уақыт еді.

Сол себептен автор автоцензуралық тактикамен Құнанбайдың қатыгез, аяусыз болмысын бейнелейді. Сонымен қатар қаламгердің авторлық мүддесі Абай сынды дананың қандай әкеден тәрбие алғанын көрсетіп, барша адамның баласы болған Абайды дәріптеу болды. Абай мен Құнанбай арасындағы әке мен бала қайшылығын беру арқылы автор Абайдың тұлға ретінде қалыптасуын жеткізеді. Қодар мен Қамқа оқиғасына, Әмір мен Үмітей қатынасына деген көзқарастары екіге бөлінген әке мен бала ескі мен жаңа көзқарастардың қақтығысын көрсетеді.

Тәуелсіздік кезеңінде жарық көрген «Абайдың жұмбағы» роман-хамсасында Құнанбай бейнесі тарихи шындыққа жақын бейнеленген. Құнанбайдың Кенесары ханның көтерілісіне қолдау білдіруі бұрын-соңды қозғалмаған тақырып. Шыңғыс төремен араласып, қазақ халқының келешегіне алаңдаушылық білдіру Құнанбайдың азаматтық ұстанымдарын көрсетеді. Бұл шығармада Құнанбай бейнесін тарихи тұрғыдан шынайы беру арқылы Абай сияқты дананың тегін атаның ұлы еместігін жеткізеді.

Мақаламызда Құнанбай образының көркемдік бейнесінің бейнеленуіне авторлық ұстаным, авторлық мүдде, заман шындығы, саяси көзқарас әсер еткенін нақтылаймыз. Құнанбай қазақ халқына Абайдай ұлы тұлғаны қалыптастырды. Екі шығармада да Абайды дәріптеп көрсетуде Құнанбай образын жасаған. Дегенмен саяси көзқарас, цензураға сай М. Әуезов Құнанбай образының қатыгездігін, қаттылығын алға шығарады. Ал Р. Тоқтаров Құнанбайдың ел мен жердің қамын жеген азамат ретінде танытады.

Қорытындылайтын болсақ, Құнанбайдың тарихи бейнесі М. Әуезов, Р. Тоқтаров шығармаларында көркемдік шындық, саяси көзқарас, сол кезеңге сай цензурамен бейнеленсе де, Абай сынды қазақтың руханиятында, мәдениетінде, әдебиетінде, тарихында үлкен орын алатын тұлғаны тәрбиелегені әрдайым есте қалады. Құнанбай бейнесі көркем шығармада тарихи шындық пен көркемдік шындықтың әділетті үйлесімі ретінде сақталады.

Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің грантымен қаржыландыратын «AP19680272 Абай өңірі ақын-жазушыларының тәуелсіздік дүниетанымы әлемдік ой кеңістігінде (Абай облысы бойынша ақын-жазушылар шығармаларын талдау)» жобасы аясында жазылды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Жұртбай Т. Құнанбай (Тарихи және әдеби тұлға). – Алматы: Алаш, 2004. – 400 б.
2. Сапаралы Б. Құнанбай қажы. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020. – 344 б.
3. Ердембеков Б. Арғы атасы қажы еді. [Электронды ресурс]. URL: <https://news.arsu.kz/?p=20051> (қаралған күні: 18.04.2024)
4. Дулатбеков Н. Құнанбай Өскенбаев ісі: дерекнамалық зерттеу. – Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2021. – 472 б.
5. Азбанбаев М. Қарқаралы қазағының мінезі. – Астана: «Регис-СТ Полиграф» баспаханасы, 2022. – 242 б.
6. Абай. Өлеңдер, аудармалар, поэмалар. – Алматы: Атамұра, 2020. – 288 б.
7. Жолдасова Т. М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Құнанбай бейнесі: фил. ғыл. канд. ... автореф. – Түркістан, 2000. – 33 б.
8. Құдайбердіұлы Ш. Қалқаман-Мамыр; Еңлік-Кебек; Ләйлі-Мәжнүн; Өлеңдер; Проза: Шығармалар жинағы / құраст. Г. Мұқышева. – Алматы: Өлке, 2013. – 416 б.
9. Әуезов М. Абай жолы: роман-эпопея. – Нұр-Сұлтан: Foliant, 2021. – 480 б.
10. Тоқтаров Р. Абайдың жұмбағы: Роман- хамса. – Алматы: Әл-Фараби, 1999. – 752 б.
11. Әшімхан Т. Тәуелсіздік контексіндегі Рамазан Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» роман-хамсасы. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2019. – №2 (127). – В. 29–35. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2019-127-2-29-35>

12. Зейнулина А., Ибраева Ә. Қазіргі қазақ романындағы ұлттық көзқарас пен көркем қаһарман // *Alatoo academic studies*. – 2017. – №2. – Б. 342–349.
13. Қабдолов З. Арна: зерттеу, сын, эссе. – Алматы: Жазушы, 1988. – 254 б.
14. Сыдықов Е. Абайдың ғұмырнамасы. Ғылыми-танымдық дерекнама жинағы. 1-кітап. – Нұр-Сұлтан: «Алашорда» Қоғамдық қоры, 2020. – 408 б.

REFERENCES

1. Zhurtbai T. Qunanbay (Tarih jane adebi tulga) [Kunanbay (Historical and literary figure)]. – Almaty: Alash, 2004.– 400 b. [in Kazakh]
2. Saparaly B. Qunanbay qajy. [Kunanbay pilgrim]. – Nur-Sultan: Foliant, 2020. – 344 b. [in Kazakh]
3. Erdembekov B. Argi atasy kajy edi. [His great-grandfather was a pilgrim]. [Electronic resource] <https://news.arsu.kz/?p=20051> (date of access: 18.04.2024) [in Kazakh]
4. Dulatbekov N. Qunanbay Oskenbaev isi: dereknamalyq zertteu [The case of Kunanbay Uskenbayev: documentary research]. – Nur-Sultan: «Alashorda» public fund, 2021. – 472 b. [in Kazakh]
5. Azbanbaev M. Qarqaraly qazagynyn minezi [Character of Karkarali Kazakh]. – Astana: “Regis-ST Poligraf” baspahanasy, 2022. – 242 b. [in Kazakh]
6. Abai. Olender, aydarmalar, poemalar [Poems, translations, poems]. – Almaty: Atamura, 2020. – 288 b. [in Kazakh]
7. Joldasova T.M. Auezovtin «Abay joly» roman-epopeiasyndagy Qunanbai beinesi: fil. gyl. kand. ... avtoref. [The image of Kunanbay in Auevov's novel-epic «The path of Abai»: abstract]. – Turkistan, 2000. – 33 b. [in Kazakh]
8. Qudaiberdiuly Sh. Qalqaman-Mamyr; Enlik-Kebek; Laili-Majnun; Olender; Proza: shygarmalar jinagy [Kalkaman-Mamyr; Enlik-Kebek; Laili-Majnun; Poems; Prose: Collection of works] / qurast. G. Muqysheva. – Almaty: Olke, 2013.– 416 b. [in Kazakh]
9. Auezov M. «Abay joly»: roman-epopeia [The path of Abai: epic novel]. – Nur-Sultan: Foliant, 2021. – 480 b. [in Kazakh]
10. Toqtarov R. Abaydin jumbagy: Roman-hamsa. [Abay's mystery: Roman-khamsa]. – Almaty: Al-Farabi, 1999. – 752 b. [in Kazakh]
11. Ashimhan T. Tauelsizdik konteksindegi Ramazan Toqtarovtyn «Abaydyn jumbagy» roman-hamsa. [Ramazan Toktarov's novel-khamsa «Abai's Mystery» in the context of independence]. L.N. Gumilev atyndagy Eurazia ulttyq universitetinin habarshysy. *Philologia seriasy*. – 2019. – №2 (127). – B. 29–35. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2019-127-2-29-35> [in Kazakh]
12. Zeinulina A., Ibraeva A. Qazirgi qazaq romanynyndagy ulttyq kozkaras pen korkem qaharman [National perspective and artistic hero in the modern Kazakh novel] // *Alatoo academic studies*. – 2017. – №2. – B. 342–349. [in Kazakh]
13. Qabdolov Z. Arna: zertteu, syn, esse [Direction: Research, Criticism, Essay]. – Almaty: Jazushy, 1988. – 254 b. [in Kazakh]
14. Sydykov E. Abaydyn gumyrnamasy. Gylymi-tanymdyq dereknama jinagi. 1-kitap [Biography of Abai. Collection of scientific and educational documents. Book 1]. – Nur-Sultan: «Alashorda» Qogamdyq qory, 2020. – 408 b. [in Kazakh]